

# **ЭНЕРГОМЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҮТІНУДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ**

Оспанова Ш.С., Мукашева Г.К., Тұрсынбаева А.Е., Жылқыбаева Н.Ж.  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ғылыми жетекші: ф.-м.ғ.д., проф. Бөлекенова С.Ә.

Қазақстанның барлық салаларында энергия үнемдеу және энергия тиімділікті көтеру қазіргі уақытта энергетикалық, экологиялық және экономикалық сияқты өзекті сұрақтарды шешуге мүмкіндік беретін маңызды мәселе болып отыр. КР «Энергия үнемдеу және энергия тиімділікті көтеру туралы» заңына сәйкес энергетикалық ресурстарды тиімді қолданудың экономикалық, экологиялық және қоғамдық артықшылықтарының насиҳаты, энергия үнемдеу және энергия тиімділікті көтеру саласында әлеуметтік білім беру деңгейін көтеру мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары болып табылады. Энергия үнемдеудің негізгі мақсаты тұракты экономикалық даму және өмір сұру сапасын ұдайы жақсарту және таза қоршаған ортаны сақтау кезінде энергетикалық ресурстардың кешенді тиімді пайдаланылу стратегиясын жүзеге асыру болып табылады. Және бүгінгі күні ерекше рөл энергия үнемдеу насиҳаты сұрақтарына бағытталған, өйткені адамдардың ақпараттылығы, энергия үнемдеудің жоғары мәдениеті көп жағдайда энергетикалық ресурстарды қолданудың тиімділігінің деңгейін анықтайды.

Мысалы, Германиямен экспортталағын энергия тасымалдаушылардың үлесі шамамен 80%-ды құрайды, газ бойынша тәуелділік өте жоғары - 84% ол Ресейден, Норвегиядан, Голландиядан әкелінеді. Сонымен қатар газға және басқа да энергия тасымалдаушыларға деген бағаның тұракты өсімі бақылануда - газдың бағасы соңғы тұтынушы үшін соңғы бірнеше жылда екі еседей дерлік өсті [1].

Қазіргі уақытта энергия үнемдеу сұрақтарын Қазақстан Республикасының іс жүзінде барлық негізгі стратегиялық құжаттарымен қозғайды: Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарда тұракты дамуына ауысу концепциясы; Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарда индустрналды - инновациялық даму стратегиясы; Елбасының Қазақстан халқына 2006 жылдың наурызында Жолдауында көрсетілген Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы; 2020 жылға дейінгі тұрғын- коммуналдық модернизацияның салалық бағдарламасы; «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшылары» бағдарламасы, Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік құжаттары.

Жұмыста «Кока-кола Алматы Боттлерс» ЖШС БК компаниясы мысалында энергия ресурстарын тұтынуға статистикалық талдау жүргізілді. Кока-Кола – бұл әлемнің көптеген елдерінде, сонымен қатар Қазақстанда да өз бизнесін жүргізе отырып, өзін ұлттық бизнес категориясына жатқызатын жаһандық компания. Жұмыс барысында үйімның мониторинг және оның энергия тиімділігін өлшеу үшін ыңғайлы энергия тиімділігінің индикаторына талдау, энергетикалық талдау, көмірқышқыл газының қалдықтарын қысқартуды ынталандыруға бағытталған шығарулармен саудасына, жаңартылатын энергия көздерін қолдануға компанияның электр энергиясын бейімдеуді ынталандыруға бағытталған «жасыл» сертификаттар жүйесі, энергетикалық ресурстар мен парникті газдардың шығарылуын қысқартуға ұмтылуды қосатын «ак» сертификаттар жүйелеріне талдау жүргізілді.

**Әдебиеттер:**

1. Антонов О.Б. Энергосбережение, энергоэффективность и энергоменеджмент в Казахстане. – Самиздат, 2014. – 69 с.